# DOCTORAL THESIS REVIEW

**for the dissertation work of Zheldibaeva Raigul Serikovna on the topic «Development of professional competence of future educational psychologists in the context of globalization» for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty 8D01101– Pedagogy and Psychology**

As a prerequisite for improving the global competitiveness of education and science, it should be noted that the Republic of Kazakhstan signed the Bologna Declaration in 2010 and became a full participant in the Bologna process. Kazakhstan's accession to the Bologna Declaration was an important step towards the internationalization of education and science of the Republic. Kazakhstan's participation in the Bologna Process (the Bologna Process is the process of convergence and harmonization of the educational systems of European countries within the framework of the Bologna Agreement with the aim of creating a single European higher education area) contributes to the expansion of access to European education, the gradual development of its quality, as well as the adoption of a comparative system of higher education levels, the use of a credit system.The internationalization of education and science also makes it possible to ensure the recognition of Kazakhstani educational programs and curricula in the world, the recognition of domestic diplomas in the European region, the right of graduates to be successfully employed in any country.

Globalization can be defined as a comprehensive, large-scale trend. We consider it as a modern stage of internationalization of international relations, economic, political, socio-cultural and educational processes. Globalization is supposed to possess a transformative capacity allowing for building bridges across cultural diversity to foster international cooperation.

Various aspects of the problem of professional competence are being investigated and arouse interest among foreign and Kazakhstani scientists. However, the development of the professional competence in accordance with global requirements is new not only for Kazakh science, but also for the European Research Space. It is quite possible that competencies and skills that were considered relevant for future specialists five years ago are losing their relevance and significance today. This, in turn, confirms the relevance of the doctoral dissertation of the PhD candidate Zheldibaeva Raigul Serikovna on the topic «Development of professional competence of future educational psychologists in the context of globalization».

As for modern higher education, it involves the training of a professionally competent specialist capable to develop and obtain a polycommunicative, tolerant and continuing education, capable of critical thinking, ready to accept new things and adapt to global requirements conditioned by the needs of society. In this regard, the process of training future educational psychologists in the context of globalization should be aimed primarily at the development of professional competencies, thanks to which the success and effectiveness of the upcoming professional activity will be ensured.

So, the doctoral dissertation aims to contribute to the development of professional competencies of future educational psychologists in the context of globalization, the preparation of a methodology and its experimental practice.

Taking a closer look at the dissertation work, it is clear that the doctoral student selected a diagnostic methodology for each of the three competencies (innovative, inclusive, global) and nine criteria belonging to them, which determine the level of development of professional competencies of future educational psychologists in the context of globalization, conducted a confirmatory factor analysis to verify the compliance of the questionnaire structure with the collected empirical data, determined on the basis of, confirmed the reliability of the diagnostic methodology and the results obtained.

Practical significance of the study: theoretical principles and conclusions reached during the study, modernization of the process of training educational psychologists through the implementation of the elective course program «Formation of global competence in the context of higher education» in universities to update the content of education and training program «Development of professional competencies of future educational psychologists in the context of globalization», contributes to the improvement of qualities.

The main results of dissertation were published in 10 excellent journals including indexed Scopus database, in the journals of the Committee for Quality Assurance in the Field of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and at international scientific and practical conferences.

With a high assessment of the dissertation work of Raigul Serikovna Zheldibaeva, prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD), in the specialty 8D01101 – «Pedagogy and Psychology», meets the requirements of the Committee for Quality Assurance in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, as well as the requirements for a Doctor of Philosophy in the specialty 8D01101 – «Pedagogy and Psychology» and can be recommended to Doctoral Defense.

**Scientific Adviser,**
**Doctor of Education**
**Vilnius University,**
**Lithuania** **Rimantas Zelvys**

VILNIAUS UNIVERSITETAS · FILOSOFIJOS FAKULTETAS

**8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Райгуль Сериковна Желдибаеваның «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына**

# ПІКІР

Білім беру мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың алғышарты ретінде Қазақстан Республикасының 2010 жылы Болон декларациясына қол қойып, Болон үрдісінің толыққанды қатысушысы болғанын атап өту қажет. Қазақстанның Болон декларациясын қабылдауы Республиканың білімі мен ғылымын интернационалдандыру жолындағы маңызды қадам болды. Қазақстанның Болон үрдісіне қатысуы (Болон үрдісі – жоғары білімнің бірыңғай Европалық кеңістігін құру мақсатында Болон келісімі шеңберінде Европа елдерінің білім беру жүйелерін үйлестіру үрдісі) европалық білімге қолжетімділікті кеңейтуге, оның сапасын біртіндеп дамытуға, сондай-ақ жоғары білім беру сатыларының салыстырмалы жүйесін қабылдау, кредиттер жүйесін пайдалану, қазақстандық жоғары оқу орындарының түлектерінің дипломдарына жалпыеуропалық қосымшаны беру арқылы студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрамның ұтқырлық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Білім мен ғылымды интернационалдандыру, сондай-ақ әлемде қазақстандық білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын тануды, отандық дипломдардың Европа өңірінде танылуын, түлектердің кез келген елде жұмысқа орналасу құқығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ал, жаһандану, өз кезегінде, бұл жан-жақты, кең ауқымды үрдіс. Оны біз халықаралық қатынастарды, экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени үрдістерді интернационалдандырудың қазіргі кезеңі ретінде қарастырамыз. Білім беру жүйесінде жаһандану үрдісінің нәтижесінде «жаһандық білім беру», «жаһандық құзыреттілік» сияқты ұғымдар пайда болды.

Кәсіби құзыреттілік мәселесінің түрлі аспектілері шетелдік және қазақстандық ғалымдар арасында қызуғышылық тудырып, зерттеліп келеді. Алайда осы кәсіби құзыреттілікті жаһандық талаптарға сәйкес дамыту қазақстандық ғылым үшін ғана емес, Европалық зерттеу кеңістігі үшін жаңа болып табылады. Себебі, осыдан бес жыл бұрын болашақ мамандар үшін өзекті болып саналған құзыреттер мен дағдылар бүгінгі күні маңыздылығын жоғалтып алуы әбден мүмкін. Бұл өз кезегінде, ізденуші-докторант Желдибаева Райгуль Сериковнаның «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы докторлық диссертациясының өзектілігін дәлелдейді.

Ал қазіргі жоғары білім беру қоғамның қажеттілігінен туындаған жаһандық талаптарға сай ұтқыр, жаңаны қабылдауға әрі оған бейімделуге дайын, сыни ойлай алатын, поликоммуникативті, толерантты және үздіксіз білім алуға әрі дамуға қабілетті жалпы кәсіби құзыретті маманды дайындауды көздейді. Осыған орай жаһандану жағдайында болашақ педагог-

психологтарды дайындау үрдісі, ең алдымен, кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталуы қажет, соның арқасында алдағы кәсіби қызметтің сәттілігі мен тиімділігі қамтамасыз етіледі.

Зерттеу жұмысының мақсаты – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оны эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу.

Ізденуші-докторант өзінің диссертациялық жұмысында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың деңгейін анықтайтын үш құзыретке (инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық) және оларға тиесілі тоғыз өлшемнің әрқайсына жеке-жеке диагностикалық әдістемені іріктеп, сауалнама құрылымының жиналған эмпирикалық деректерге сәйкестігін тексеру үшін растаушы факторлық талдау жүргізіп, сәйкестіктің салыстырмалы критерийі, Такер-Льюис индексі, жуықтаудың орташа квадраттық қатесінің түбірі және стандартталған орташа квадрат қалдық түбірі негізінде анықтап, диагностикалық әдістеме мен алынған нәтижелердің сенімділігін растады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу барысында қол жеткізген теориялық қағидалар мен тұжырымдар білім беру мазмұнын жаңартуға арналған «Formation of global competence in the context of higher education» атты элективті курсының бағдарламасын және «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингті жоғары оқу орындарында іске асыру арқылы педагог-психологтарды дайындау үрдісін модернизациялау, сапасын арттыруға ықпал етеді.

Диссертациялық жұмыс бойынша қол жеткізілген ғылыми-теориялық нәтижелерді және олардың негізінде әзірленген әдістемелік ұсыныстар ЖОО-ның білім беру үрдісінде, осы бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру және қайта дайындау курстарында, практикаға бағытталған бағдарламаларын әзірлеу кезінде, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау үшін пайдаланылуы мүмкін, сондай-ақ ЖОО оқытушылары үшін практикалық семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу кезінде бағдарламаға енгізілуі мүмкін.

Диссертацияның негізгі нәтижелері Scopus индекстелетін дерекқорын қоса алғанда, 10 сапалы журналда, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланды.

Райгуль Сериковна Желдибаеваның 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық

жұмысы жоғары дәрежеде орындалған, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті қоятын талаптарға сәйкес келеді және 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты.

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**

**Вильнюс университетінің профессоры,**
**педагогика ғылымдарының докторы**
**(Литва Республикасы)** **Rimantas Zelvys**

Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы
Екі мың жиырма үшінші жылдың мамыр айының жиырмасыншы жұлдызы
Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударған аудармашы:
**Туманбаев Рустам Каирбекович** ______________________________

Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы
Екі мың жиырма үшінші жылдың мамыр айының жиырмасыншы жұлдызы

Мен, Айтбаева Мадина Какимовна, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 02.10.2008 жылы берілген №0002111 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Жетісу облысының нотариаттық округінің нотариусы аудармашы **Туманбаев Рустам Каирбекович** менің қатысуымен қойған қолтаңбаның түпнұсқалылығын куәландырамын.Жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі мен өкілеттілігі тексерілді.

Тізілімде №1404 тіркелді
Өндірілді: 1829 теңге
Нотариус